


«Келісемін» 

№ 4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы

Әдіскер: Досова Г.З.

«Бекітемін» 

№ 4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы

менгерушісі: Кубесова Д.К.



№4«Балбөбек» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылының педагог-психологтың ата-аналарға
арналған жұмыс жоспары.

Педагог-психолог: Елшибекова.А.О

2022-2023 оқу жылы

№4«Балбобек бөбекжай балабақшасы»

Ата-анамен жүргізілетін жұмыстар

1	«Баланы 5-ке дейін патшадай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла» «Менің балам қандай»	13.02.2023	Психологиялық кеңес тренинг
Психодиагностикалық бағыт			
1	Ата-аналарға арналған сауалнама Балалардың бейімделуі	26.10.2022	Сауалнама.Психологиял ық кеңес
2	«Сіз қандай ата-анасыз?»	15.11.2022	Сауалнама
3	«Сіздің балаңыздың қызығушылығы?» «Ата-ана мен балабақша ынтымақтастығы»	10.03.2023	Сауалнама
4	«Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?»	13.05.2023	Сауалнама
Ағартушылық-профилактикалық			
1	«Менің балам қандай?»	17.05.2023	Тренинг

Анықтама№1

Зерттеуші топ: Ата-аналар

Зерттеу уақыты:13.02.2023

Әдістеме: «Баланы 5-ке дейін патшадай көтер,15-ке дейін құлындай жұмса,15-тен кейін досындай сыйла»

Ата-аналарға кеңес

Адам баласы – өмір бойы психологиялық көмекке зәру болмақ. Әсіресе, оның нәрестелік , сәбилік, балалық шақтарында, тіпті ауадай қажеттілік деп айтсада болады. Бірақ,біз өмір сүрген бұрынғы қоғамда, адамның психикасын тәрбиелеуге еш уақытта мән берілген емес. Соның салдарынан балабақшаларда да, мектептерде де ,тіпті жоғарғы оқу орындарымен адамның қызмет істейтін орындарында да, адамның психологиялық тәліміне көңіл аударылмады. Мұндай надандылықтың адамдарға тарттыратын азабыда аз емес. Осындай қалыс тәрбиенің ауыр кемшіліктерін ескере отырып, азды-көпті психологиялық көмектің қасиеттеріне тоқталуды жөн көріп отырмын.

Психологиялық көмектің бағыттары.

Бала атаулының бойында біртіндеп қалыптасатын невроздың негізгі себепкері, жалпы бала тәрбиесінен хабары шамалы, ал бала психологиясы дегенді естіп көрмеген ата-аналардың үкімі де сорақылыққа толы қатыгездіктерінен екенін ашып айтқым келеді. Олардың көпшілігі бала тәрбиесінің қиын да қызық сәттерін іздеп үйренудің орнына , тек жазалау, қорқытып –үркітумен ұстағанды білетіндіктерімен шектелетіндіктері белгілі. Тіршілік тартыстарына енді келген сәбилер үшін, бұл аттап өте алмастай ауыр күйзелістерге апарады. Айта берсе үлкендер тарапынан болатын дөрекі қылықтар толып жатыр.

Ең бірінші психологиялық көмектің бағдары – осындай жағдайларға тап болған балалардың ауруға шалдыға бастаған психикасын сауықтыру болып табылады.

Екінші бағыт – тез арада ата-аналар мен балалар тәрбиесіне қатысты үлкендердің арасында жүргізілетін психологиялық көмекті айтуға болады.

Мұның өзіне тән әдістері де толып жатыр. Үлкендерге бала психикасы жөнінде түсінік беру, оны мұқалтпаудың маңызы жайлы, психологиялық тәрбиелерді үйретудің жолдарын – кітаптардан, кинофильмдерден – тереңдей талдап көрсету арқылы ата-аналар мен үлкендердің бала тәрбиесіндегі қатыгездіктен тыйылуын талап ету.

Осылайша , жас баланың психикасындағы ауыр өзгерістер мен қорқыныштардан туындайтын , оның жан дүниесіндегі жапа шегушіліктің зардабымен қатаң және жедел күресу керек. Әрине , бұл жағдайды ата-аналардың көпшілігі білмегендіктен істейтінін де ескеру керек.

Жалпы бала психологиясына белгілі психикалық ауыр әсерлердің түрлерін атап өтсек; бірінші , баланың жігерін жасытатын үкімді баға беру (мысалы , «Сен

ойнай білмейсің », « сен дұрыс сөйлей алмайсың » деген сияқты кесімді ұғымдардың әсері жаман). Осыдан кейін , баланың тауы шағылып ,талабы қайтып қалатындығы анық. Тіпті бұдан былай оған сөйлеудің де, ойнаудың да қиындай беретіні рас. Сәбилерді үнемі көтермелей жетелеп тәрбиелеудің психикалық мәні зор.

Екінші сәт, баланың істеген әрекеттеріне терісте зілді баға берумен қоса , оның жеке басының намысына тиетін сөздер айту. Мәселен, «Сен ойнай білмейтініңмен қоса , мақтаншақсың, өтірік мақтанасың» деудің әсерімен, баланың жан дүниесін әбден жаралауға болады. Сондықтан да, баланың іс-әрекетін дұрыс бағаламау, төмендетіп бағалау арқылы ,оның қалыптасу қабілетін тұтылдыру мен қоса, ұстамдылығы мен парасатына да қаяу түсіреді. Мұндай әрекеттер баланың өміршең талпыныстарын бірден тоқтатып, тіпті тіршілігіненде жиреніп кетуі мүмкін. Ол алдындағы армандарын да сенімдерінде жоғалта бастайды.

Үшінші бір ыңғайсыз сәт, басқа бір баламен салыстыра бағалаудағы жіберілетін әділетсіздік .Мұндай әрекеттер арқылы, баланың бойына қызғанушылық өзімшілдікті қалай сіңіріп алғандарын да байқамай қалады. Міне , тәрбиедегі психологиялық әдістерді білмеудің салдары осындай аса қиын жағдайсыздықтарға әкеп соғады екен. Бұл бала тәрбиесіндегі кезек күттірмейтін мәселе дегім келеді.

1. Бала тәрбиелеу - бесіктен басталады. Ендеше оған әрдайым көңіл бөліп,сергек қараңыз. Қателігін зекіп, ұрысып немесе ұру арқылы түзетуге тырыспаңыз.
2. Таңертен сабаққа барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үніңіз бен күлкіңіз-ақ ұйқысын ашуы тиіс.
3. Егер балаңыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да бол» деп айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.
4. «Бұзық болма», «Қисалаңдамай тыныш жүр», «Бүгін 2 алсаң құртамын» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік жасаңыз.
5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балаңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз.
6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі-ақ айтады.
7. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып, сабаққа дайындалтпаңыз. Олар да 2-3 сағат ойнап, демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі - сабаққа әзірленудің сәтті кезі.
8. Сабаққа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дөрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.
9. «Егер сен осы сабақты орындамасаң» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзіңіз кірісіп, жайлап жетектеп

отырыңыз.

10.Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып, әңгімелесіп тұрыңыз.

11.Балаңыздың көңіл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.

12.Егер балаңыз айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз.

13.Өз балаңызды дос санаңыз: білімін толықтыруға көмектесіп, жақсы ісін бағалай біліңіз. Шамамен тыс қатал, керісінше тым көңілшек болмаңыз. Нақты шешім ғана баланы қателесуден сақтандырады.

14.Отбасыңыздағы ұрыс-керіс балаңыздың жүйкесін жұқартады. Баламен бірге отырған жерде құпиялы әңгімен айтпаңыз.

15.Балаңызға уәде берсеңіз орындаңыз. Кемшілікті байқамауға тырысыңыз. Баланың көзінше өзгені сынамаңыз.

16.Тәрбие ісінде өзіңіздің жауапты екеніңізді ұпытпаңыз, баланың өтінішін үнемі орындай бермеңіз.

17.Баланы өзгелерге де көмектесіп тұруға баулыңыз. Оған шыдамды болуды үйретіңіз.

Қорытындысы:

Ата-аналарға «Баланы 5-ке дейін патшадай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла» тақырыбында кеңес берілді. Барлық ата-аналар кеңесті мұқит тыңдады.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова А.О.

Хаттама №1

Зерттеуші топ: Ата-аналар

Зерттеу уақыты: 26.10.2022

Тақырыбы: «Балаларды балабақшаға бейімдеу»

Бейімделу деген не? Бейімделу қалай өтеді?

Бейімделу деген жаңа қоршаған ортаға үйрену. Балабақша балаға, әрине, жаңа, әлі таныс емес кеңістік, жанашылық қарым - қатынас.

Баланың балабақшаға бейімделуі өзінің психо - физиологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне, отбасылық қарым - қатынастарына, мектепке дейінгі мекемедегінің қатысу шарттарына байланысты. Әр бала балабақшаға өзіндікпен үйренеді. Бірақ, бірнеше заңдылықтарды атап өтуге болады.

Біріншіде, ескертіңіз: 2 - 3 жастағы баланың өзінің құрдастарымен қарым - қатынаста боламын деген қажеттігі жоқ, ондай сезім әлі қалыптасқан жоқ. Осы жастағы балаға ер жеткен адам ойынсеріктес, еліктеудің үлгісі және баланың тілектестік назарлығы мен ынтымақтастық қажеттілігін қанағаттандырады.

Құрдастары осы қасиеттерді көрсете алмайды, өйткені өздері де осыған зарық. Осыдан бала балабақшаға тезірек бейімделе алмайды, өйткені анасымен құштарлық сезімі тығыз, анасының жоқ болғаны баланың қарқынды қарсылығын толғантады, әсіресе бала сезімтал және әсерлік болса.

2 - 3 жастағы балалар бөтен адамдардан және қарым - қатынастың таныс емес жағдайларынан қорқады. Осы қорқыныштар – баланың балабақшаға бейімделуінің бір себебі. Кейбір жағдайда осы себептер баланы жылаушақты, құштарлықты, арланғышты, жарақатты қылады, бала жиі сырқаттанады, өйткені, стресстер жастық ағзаның паналаулық күштерін әлсіретеді.

Сонымен қатар, ұл балалардың бейімделуі қыздарға қарағанда, қиыншылықпен өтеді. Өйткені олар осы жаста анасына құштарлықты, анадан айырылғанда көбірек уайымдайды.

Эмоционалды дамытудан тыс балалардың бейімделуі теріс өтеді, өйткені олардың анаға деген құштарлықтары төмен. Психологтар келесі парадоксті ескертеді: бір жасқа дейінгі бала балабақшаға қабылданса, болашақта коммуникалды сезімдері дамыған болады. Алғашқы эмоционалды жанасуды осындай бала анасымен емес, құрдастарымен құрады. Болашақта бұл баланың сүйіспеншілік, аяушылық, құштарлық сезімдері дамыған болмайды.

Баланың анасымен эмоционалды байланысы дамығанымен, оның бейімделуі қиыншылықпен өтеді. Өкінішке қарай, бейімделу мәселелерін кейбір балалар

өте алмайды. Бұл баланың шалығуына келтіреді.

Баланың балабақшаға бейімделуі бір жылдың арасында өтпесе, бұл ата - аналарға ым, баланы маманға көрсету қажет.

Психологтардың байқауымен бейімделудің ортаңғы мерзімінің нормасы бойынша:

- Сәбилер тобында – 7 - 10 күн;
- Балабақшаның үш жасар балаларына – 2 - 3 апта;
- Мектеп жасына дейінгі балаларға – бір ай.

Әрине, әр бала жаңа жағдайға әртүрлі қатысады, бірақ, жалпы ерекшеліктері бар. Отбасыдағы жалғыз баланың, шамадан тыс бас-көз болған, өзіне - өзі сенбейтін, балалар балабақшаға

Отбасындағы дау, ата - аналардың көпшіліктен тыс қасиеттері баланың бейімделуіне көп кедергі жасайды. Ата-аналарының ұнамсыз мінез - қылықтарын меңгеріп, өз құрбыларымен қатынас құра алмайды.

Осындай балалар жасықтықты, батыл емес. Осыдан топ балаларымен қарым - қатынас құруға қиынсынады.

Қорытындысы:

Педагогтарға «Балаларды балабақшаға бейімдеу» тақырыбында кеңес берілді. Барлық педагогтар кеңесті мұқит тыңдады. Өз ойларын ортаға салды.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова А.О.

БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуі – әр балада әр түрлі қабылданады, жаңа ортаға бейімделу процесі-бұл жаңа ортаға бейімделу ғана емес күні бойы жаңа режімді, жаңа орта, жаңа қарым-қатынас сонымен қатар жаңа дағдаларын дамытуға балалар түрлі жолмен өтеді. Осы кезеңде кейбір балалар ауыр, ал кейбіреулері жеңіл қабылдайды.

Бейімделуді науыр жолымен өткен кейбір балалардың бейімделуі 3-4 айға созылады.

Жеңіл бейімделу кезеңі 1-2 күн болды. Ұзаққа созылған бейімделу кезеңі көптеген факторларға байланысты болады: баланың денсаулығына, жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне, үйдегі ата-ана ықпалына т/б себептерге байланысты. Бұл кезде балаға тәрбиеші тарапынан да жеке қолдау керек: балаға жақсы көңіл күй сыйлап, ортаға қосылуына көмектесу.

Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуін, тамақтануы, ұйықтауы, өзгелермен қарым-қатынасы, сөйлеу әрекеті, ойын ойнаудағы белсенділіктері бойынша балаға жеке карта ашып бейімделу уақытын белгілеп баланың бейімделуі жайында ата-анамен бірігіп бірдей жұмыс жасалды.

Баланың балабақшаға бейімделуі әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ежелері мен нормаларын меңгереді.

Жаңа жағдайда бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкендермен араласудан бастартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен.
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.

Кей тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан)

Балабақшаға бала қалғанда малғашекі сағатқа ғана қалу керек.

Көбінесе ата-

аналар жұмыс тәртібінайттып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады.

Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Балаңызбен үйдесөйлесесізбе, оны мақтайсызба, оны жақсы көретінін сіз туралы айттыңызба?

Қобалжуы қиын ата аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая түседі. Осы кезде ата аналар балаға көмек берулері керек.

Ертеңгілік қоштасуларды жеңілдету тәсілдері:

Баламен тез қоштасып үйреніңіз, қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзақ қасозылады.

Балаңыз сізгесенсіндесеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз

Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін табыңыз және соны қатал ұстаңыз. Балаңыз балабақшаға барғаны үшін алдар қатып ойыншық сатып алмаңыз. Балаға анық түсінік беру керек.

Бір рет болсын баланың дегеніне істесеңіз әрі қарай көндіру қиын болады. 1,5-2 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс.

Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі. Үйде балабақша күн тәртібін қатаң сақтаңыз.

Балабақшаның тамақтану ас мәзірі мен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.

Үйдегі жағдайда баланың өз-өзіне қызмет етудің алғышарттарына үйрете беріңіз; жуыну, сүртіну, шешіну, өз бетінше тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, оршок қасурану. Киімдері мендетті түрде ыңғайлы болуы шарт.

Баланың «Социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастарымен үлкендер арасында тез үйренісіп тіл табысатын болады.

Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбінесе ата-ана тарапынан болуы керек, оның өзіне керек екендігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын сіз көбірек осындай жылылық білдірмеңіз сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді.

Балабакшаға бейімделу туралы кеңес



Хаттама

Зерттеуші топ: Ата-аналар

Зерттеу уақыты: 26.10.2022ж

1. Балаңыздың туған күні?
2. Тәрбиешісінің толық аты жөні?
3. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
4. Балаңыз балабақшадан кеше қандай көңіл күймен оралды?
5. Балаңыздың сүйікті ойыншығы қандай?
6. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
7. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
8. Балаңыз неше айдан бастап еңбектей бастады?
9. Балаңыз балабақшаға қуанышты көңіл күймен келе ма?
10. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?
11. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен қандай сөз аузыңызға түседі? т.с.с
12. Балаңыздың тобының атауы?
13. Балаңыз нешінші топта?

Қорытындысы:

Балабақша бүлдіршіндерінің ата-аналарынан сауалнама алынды. Ата-аналар сұрақтар бойынша барлығына жауап берді. Өз балаларының қандай түс ұнататынын, қай топта екенін, балалар балабақшаға жақсы көңіл -күймен келетінін көп ата-аналар жазып, ризашылықтарын білдірді.

Ата-аналарға арналған сауалнама

1. Балаңыздың туған күні? 12.03.2019ж.
2. Тәрбиешісінің толық аты жөні? Әлиескинова Бақат Абдрахмановна
3. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді? 26-27.
4. Балаңыз балабақшадан кеше қандай көңіл күймен оралды? Мамса
5. Балаңыздың сүйікті ойыншығы қандай? Доп, машинка, теннис добы т.б.
6. Балаңыздың сүйікті асы қандай? Жаппа, құрақпазан, қартар, мейіт, пельмені т.б.
7. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді? Ақ, көк, сары, жасыл
8. Балаңыз неше айдан бастап еңбектей бастады? 5 ай
9. Балаңыз балабақшаға қуанышты көңіл күймен келе ма? Иә
10. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз? Шырағым, ақ патшалық, анасыма, жетімнің құлағына
11. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен қандай сөз аузыңызға түседі? т.с.с. Ештеңе етпейсің бағаман өсе кеше бәрің қаймақ түрінесің
12. Балаңыздың тобының атауы? Батаман тобы.
13. Балаңыз нешінші топта? _____

Ата-ананың аты-жөні: Мамбаева Ануакен М.

Қолы: Мамбаева

Күні, айы, жылы: 08.11.2022ж.



Хаттама№3

Зерттеуші топ: Ата-аналар

Зерттеу уақыты:15.11.2022

Әдістеме: «Сіз қандай ата-анасыз?»сауалнама

1. Кез келген ісіңізді тастай салып баламен айналыса аласыз ба?
2. Балалардың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өзіңіздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Балаңыз жасаған іс ашуландырған кездеөзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма?
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
9. Балаңыздыңжүрегінжарақаттайтынсөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып уәдеңізді орындайсыз ба?
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік, бересіз бе?
12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе, көңіл аудармайысыз ба?
13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

Қорытындысы:

Ата-аналардан «Сіз қандай ата-анасыз?»тақырыбынды сауалнама алынды.Ата-аналар сауалнаманы мұқият оқып сұрақтарға нақты жауап берді.Ата-аналар үшін балаларының өмірі өте маңызды.Қарым-қатынастары жақсы.

"Сіз қандай ата-анасыз?"

1. Кез келген ісіңізді тастай салып баламен айналыса аласыз ба? *иә*
2. Балалардың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба? *иә*
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба? *иә*
4. Өзіңіздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба? *иә*
5. Балаңыз жасаған іс ашуландырған кездеөзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба? *иә*
6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба? *иә*
7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма? *иә*
8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба? —
9. Балаңыздыңжүрегінжарақаттайтынсөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба? *иә*
10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып уәдеңізді орындайсыз ба? *иә*
11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік, бересіз бе? *иә*
12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе, көңіл аудармайысыз ба? *мағ*
13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба? *иә*

Жауабы: 1. Әрқашан жасаймын, келісемін — 3 балл
2. Кейде ғана келісемін — 2 балл
3. Келіспеймін - 1 балл

Қорытындысы:

0-16. Бала тәрбиесі — сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз.

16-30. Балаға қамқорлық жасау — бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызға тәрбиешілік қабілет бар, бірақ тәжіәрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек



Хаттама№4

Зерттеуші топ: Ата-аналар

Зерттеу уақыты:10.03.2023

Әдістеме: «Сіздің балаңыздың қызығушылығы»сауалнама

- 1.Балаңыздың аты-жөні
 - 2.Балаңыз қандай ойындарды қалайды?
 - 3.Спроттық ойындардың қандай түрлерін жақсы көреді?
 - 4.Кіммен жиі ойнайды?
 - 5.Балаңыз ұжымда өзін қалай ұстайды?
 - 6.Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысады?
 - 7.Сізді бала тәрбиесіндегі қандай жақтары қинайды?
 - 8.Тәрбиенің қандай әдісін қолдайсыз?
- /көндіру, түсіндіру, қатал тәртіп қою, мадақтау, жазалау т.б. /

Қорытындысы:

Ата-аналардан «Сіздің балаңыздың қызығушылығы»тақырыбынды сауалнама алынды.Ата-аналар сауалнаманы мұқият оқып сұрақтарға нақты жауап берді.Ата-аналар үшін балаларының өмірі өте маңызды.Барлық сауалнамаға ата-аналар толық жауап берді.

Зерттеуші:Педагог-психолог: Елшибекова Амангул

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

Тапсырмалар:

- ата-аналар мен тәрбиешілерді бір-бірімен таныстыру;
- топта қолайлы атмосфераны құру, достық қарым-қатынас орнату және қатысушыларды біріктіру;
- сәйкестік, келісім өрісін құру;
- сұрақтарға жауап табу: ата-аналар мен тәрбиешілер алдында тәрбиенің жалпы міндеттері қандай? Ата-ана мен тәрбиешінің қарым-қатынасы қандай болуы керек?

Қатысушылар: барлық топтардың ата-аналары және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары.

Кіріспе бөлім.

- Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Біздің кездесуге уақытыңызды бөліп келгеніңізге рахмет.

Бүгін біз сіздермен ата-аналар мен тәрбиешілердің алдында балаларды тәрбиелеу мен дамыту үшін қандай ортақ міндеттер тұрғанын және олардың арасындағы қарым-қатынас қандай болуы керек екенін талқылаймыз. Сондай-ақ, біз тығыз ынтымақтастықтың негізін қалаймыз деп сенемін.

1.«Танысу» жаттығуы:

Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып, әрқайсысы өзінің есіміне сын есім қосып және өз бойындағы 1 қасиет кезекпен айтып шығады.

Талқылау: Қандай әсер алдыңыздар? Не қиындық келтірді.

2.Қимыл қозғалыс арқылы жауап беру

«иә» десеніздер – қолдарыңызды шапалақтаңыз.

«жоқ» десеніздер – аяқтарыңызды тарсылдатыңыздар.

1. Журнал бетіндегі мақалалардан, теледидардағы бағдарламадан тәрбиеге байланысты сұрақтарды тыңдап, қарап жүресіз бе?

2. Балаға тәрбие беру кезінде үйде ата-ана (жанұя) бірдей ықпал жасай ма?

— егер «жанұя» десеніздер- жымыңыздар.

— егер «қоршаған орта, қоғам» десеніздер қолымызды алдыға созамыз.

3. Бала тәрбиелеу жауапкершілігі кімде деп ойлайсыз?

- егер «әке» десеңіздер – қолды шапалақтаңыз,
- егер «шеше» десеңіздер – қолды бұлғаймыз.
- егер «екеуі» десеңіздер – орнымыздан тұрамыз.

3.«Мен баламды жақсы көремін» жаттығуы

Психолог: Енді көзіңізді жұмып, балаңызды елестетіп, өзіңіз шешіңіз: «Мен баламды жақсы көремін, тіпті ол ең жақсы болмаса да, аспандағы жұлдыздарды жұлып алмаса да. Ол үмітімді ақтамаса да мен оны жақсы көремін. Мен оны қандай болса да, не істесе де жақсы көремін. Бұл кез келген әрекетті құптаймын дегенді білдірмейді. Бұл оның мінез-құлқы жақсырақ болса да, мен оны жақсы көретінімді білдіреді. Мен бұл менің ұлым немесе қызым болғандықтан ғана жақсы көремін ».

Көздеріңізді ашыңыздар.

Талқылау:

-Осы жаттығу кезінде қандай сезімде болдыңыз?

Психолог:Бала махаббаты олардың ешқайсысына әлі зиянын тигізген жоқ. Көп махаббат болуы мүмкін емес. Есіңізде болсын: сіздің отбасыңыздағы қарым-қатынас қандай болса да, олар жақсара алады.

4. «Қолынан танып біл»жаттығуы

Нұсқау:Көздері байлаулы ата – аналар балаларының қолдарынан ұстап тауып алулары керек.

5.«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы символы» жаттығуы.

Материал: - 5 бөлікке кесілген үлкен қағаз шеңбері.

Қатысушылардан 1,2,3,4,5 санауды және 5 топ құруды сұраңыз. Әр топты талқылауға шақырыңыз, содан кейін отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың символы немесе нышандары болуы мүмкін екенін салыңыз. Қатысушылар шеңбердің 1/5 бөлігін алады. Әр топ өз рәміздерін көрсеткеннен кейін барлық бөліктер бір ынтымақтастық шеңберіне жиналады. Жаттығу ойынын аяқтағаннан кейін қабылдау тобына «ынтымақтастық символын» іліңіз.

6.«Ашық айтсам...» жаттығуы; қорытынды:

Ата-аналарға төмендегідей бланкілер таратылып, толтырылады.

Сабақтың жүргізілген күні _____

Менің тренингтік есімім _____

Менің тренинг барысында түйгенім _____

Бәрінен де маған мына жаттығу ұнады _____
Жүргізушіге ұсыныс _____

Қолы _____

Рефлексия:

Қорытынды:

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған .

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой-өлкесі, — деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт-арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық.

Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы



Хаттама№5

Зерттеуші топ:Ата-аналар

Зерттеу уақыты:13.05.2023

Әдістеме:«Балаңыз мектепке дайын ба?»

Ата-аналар! Бала мектепке барғысы келе ме? Қызығушылығы бар ма?

Осы сұрақтарға **«иә» немесе «жоқ»** деп жауап беру арқылы баланың білімі қандай деңгейде және мектепке барғанда нені білу керек екені анықталады.

1. Алфавит бойынша барлық әріптерді тану, білу;
2. Буындап қосып оқи алу;
3. Әріптердің баспа түрін жаза білу;
4. 1-ден 20-ға дейін тура және кері санай білу;
5. Өз аты-жөнін, мекен-жайын, туған күнін толық білу;
6. Ата-анасының аты-жөнін толық білу;
7. Жұмыс орнын, қызметін білу;
8. Мамандық түрлерін білу;
9. Адамның суретін салу, әр мүшесін атап беру (бас, аяқ, қол, көз, т.б.)
10. Жыл мезгілдерін білу;
11. Қазақша ай аттарын, апта күндерін білу;
12. Геометриялық пішіндерді атау, суретін салуды білу;
13. Сурет бойынша әңгімелей білу;
14. Құстардың аттарын білуі;
15. Балалар өз ойын толық жеткізе білу;
16. Оң, сол қолын ажырата білу;
17. ҚР рәміздерін білу;
18. Сөздерге сөйлем құрай білу;
19. Ұлттық ойындарды атай білу;
20. Үй және жабайы жануарларды ажырату;
21. Өлең, мақал-мәтел, жаңылтпаш айта білу;
22. Көлік түрлерін ажырата білу /суда, әуеде, жерде/
23. Ертегілерді атай білу және мазмұнын айту;

Қорытындысы:

Ата-аналардан «Балаңыз мектепке дайын ба?» тақырыбынды сауалнама алынды.Ата-аналар сауалнаманы мұқият оқып сұрақтарға иә деп жауап берді.Ата-аналар балаларының мектепке дайын екенің сауалнама арқылы жеткізді.

Балаңыз мектепте дайынба



Анықтама №2

Зерттеуші топ: Ата-аналар

Зерттеу уақыты: 17.05.2022

Әдістеме: «Менің балам қандай?»

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, жағымды қарым-қатынас орнату.

Керекті құралдар: түрлі түсті қағаз, қаламсап, желім, қиылған қолдардың суретін жабыстыратын ватман, күннің суреті салынған ватман, маркерлер.

Ұйымдастыру кезеңі.

Ата-аналармен сәлемдесіп, тренинг тақырыбымен таныстырамыз.

— Біздің бүгінгі сіздермен өткелі отырған тренингіміздің тақырыбы: «Менің балам қандай?»

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-жанұясы. Жанұялық тәрбие ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынастық жүйе. Олай болса, ата-ана осы жүйені ғылым мен өмір ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Ұлы данамыз Әл-Фараби ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы дегені бәрімізге мәлім. Адамға тәрбиені ата-ана, мектеп, қоғам береді. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға, алғашқы ұстаз – ата-ана. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-анада қиын да, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол-бала тәрбиесі. Бала үшін үй ішінде ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Ия, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойында барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, білім алуына жағдай жасау ата-атаның парызы.

Қорытындысы:

Ата-аналарға «Менің балам қандай?» тақырыбында тренинг жүргізілді. Барлық ата-аналар тренингке жақсы араласып отырды. Топта жұмыс істей алу қабілеттерін, шығармашылық ізденістерін көрсетті.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова Амангул

